

Күдерина К.Б.

*Сулейман Демирель атындағы университеттің доценті, филология
ғылымдарының докторы, Алматы, Қазақстан*

e-mail: kuderinova_70@mail.ru

БҰРЫНҒЫ КЕҢЕСТІК ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ЖАЗУЛАРЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Abstract. The paper addresses what kind of difficulties in information exchange between languages are caused by the difference of former Soviet and Turkish languages using one alphabetic system. Therefore, the author suggested a common alphabetic system. The topicality of accepting the common spelling rule among related languages also will be discussed.

Key words: Turkic language, alphabet, letters, information era, written language

Бүгінгі ақпараттар заманындағы тілді, әдебиетті және басқаны жазусыз елестету мүмкін емес. Өткен ғасырлар әр елдің өзін ұлт ретінде дәлелдеу, мойындату сипатында көрінсе, ендігі кезең өзара мойындалған елдердің интеграцияларға баруы, бір-бірімен санасуы, одақтасуы дәрежесіне ұласуда.

Әр мемлекеттің рәміздері қатарына жазу да кіреді: туы, елтаңбасы, әнұраны және жазуы. Ендеше бүгінгі ақпараттар заманында алдымен аралары алшақтап кеткен түркі ақпараттары тілінің ортақ жазуда сөйлеуі туралы сөз етпекпіз.

Бүгінде тілді құрал ретінде пайдалануда өз ойын жарыққа шығару ғана емес, өзгенің ойын тану, жалпы тілдік санадан ақпарат алу басымдылыққа ие сияқты. Мысалы, түркі халықтары үшін орыс тілін білу – Абай айтқандай, Еуропаға ашылған терезе болды. Біз генетикалық жағынан туыс емес тілдік санамен тікелей қатынас жасау арқылы олардың ойлау жүйесімен таныстық. Орыс тілі мен графикасын меңгеру ойлауымызға, сөз мағынасының дамуына, стильдердің саралануына, сөйлем құрылысының жетілуіне орасан зор әсер етті.

Тіл, әрине, ауызша және жазбаша түрде реалданады. Бүгінде ақпарат кеңістігінің күшеюі тілдің ауызша түріне қарағанда жазба түрі рөлінің артуымен тікелей байланысты болып отыр. Тілдің ауызша түрі арқылы ақпарат алу мүмкіндігі аз. Өйткені ауызша тіл белгілі бір уақыт пен кеңістік аралығына ғана тәуелді, сондықтан шектеулі. Оның өзінде сол тілдің коммуникативтік-функционалдық жағын жақсы білсеңіз ғана. Тілді білмесеңіз, ауызша тіл арқылы ақпарат алу өте қиын немесе үстірт. Ал жазба тіл арқылы ақпарат алу және беру мүмкіндігі біршама кең. Ол уақыт пен кеңістікке тәуелді емес, кез келген уақыт пен кеңістікте отырып, ақпарат алуға қазіргі ғаламтор желісі тіптен мүмкіндік береді. Туыс емес тілдерді білуің керек, болмаса қазір қызметі жетілген ғаламтор сөздігі бар. Тек өз тіліңнің өзге тілмен толық жүйеге түскен сөздігі болуы керек. Сонда барлық әлемдік тілдегі ақпараттардың аудармасын жуықтатып алып, түсінуге болады. Ал туыстас түркі тілдерінде бұл жағынан жағдай қалай? Өкінішке орай, мүшкіл. Google аудармашысында түркі тілерінен тек түрік тілі ғана бар [1].

Қазіргі заман – ақпарат заманы. Біз ақпаратпен қарулану үшін кез келген тәсілді пайдалануымыз керек. Ол өзге тілді жетік білу болсын, болмаса жазба тілді ғана түсіну болсын, бәрібір. Ал туыс тілдер графикасының ортақ болуы – осы тәсілдердің біреуі. Жетілдірілген әліпбиі мен емлесі бар туыс тілдер бір тілдің диалектісіндей қарым-қатынас

жасай алар еді. Сондықтан жазудың қазіргі қызметі, әсіресе түркі тілдері үшін қызметі ақпарат алуда пайдалану дегенге саяды.

Түркі халықтарының тілдік санасы да, әлем туралы тілдік бейнесі де бір. Түбі бір түркі тарихы мен құндылықтары туралы айтпаса да түсінікті. Ал осындай дінгегі бір тілдер білім, ғылым, мәдениет, экономика саласындағы жаңалықтарына неге орыс немесе ағылшын тіліне аударылғанда ғана өзара қолжеткізуі керек. Неге аудармашысыз-ақ түсінісуге (әрине, барлығын емес, кей сөздерді сөздікке қарап аударып) болатын тілдер аудармашы қызметіне жүгінеді? Бізге – туыстас халық өкілдеріне ғылым, білім, мәдениет, экономика, саясатындағы жаңалықтарды өзге тіл арқылы білу ұятты жағдай емес пе?

Түркі тілдері бір-біріне өте жақын, бір тілдің диалектісі іспетті тілдер. 20ғ. басында Н.Төреқұлов «Түркі жазуларына унификация керек. Өйткені бәрі бірдей сөйлейді, бірақ әртүрлі жазады» - деген екен [2, 117].

Иә, мұның бәрі бұрынырақ болған, 20 ғасырдың басында. Алайда сондай диалекті деңгейіндегі тілдер қазір бір-бірін түсінуден қалып барады. Оның себебі, біріншіден, жалпы кез келген ауызша тілдің тез өзгерісіне сайса (мысалы, кез келген шет тілді жазба тіл арқылы тез, оңай меңгеріп алғандай болғанмен, тілдік ортаға түскенде коммуникацияға ілесе алу қиындайды, сөз бірліктердің жазба формасын санада қатар елестетіп, не жазба тұрпатын көріп әрең түсіну қалыпты жағдай), екіншіден, түркі тілдерінің кеңес құрамында болғандары орыс тілінің, түрік тілі ағылшын тілінің әсеріне ұшырап, диаспоралар тілдері оқшауланып, орфоэпиялық нормаға айтарлықтай жарқышақ түсіріп алды. Сол себепті біздер, түркі халықтары, ауызша сөйленген мәтіндерді аудармашы болмаса түсіне алмайтын жағдайға жеттік. Ал ата буынның және жазба тілді меңгере қоймаған алдыңғы буынның тілі (өкініштісі, қазіргі таңда ол ұрпақтар өмірден өтіп барады және олардың сөйлеу тілі барлық түркі халықтарында бірдей транскрипцияланбады) қай түркі тілінде сөйлесе де, бір-біріне алғаш тыңдағаннан-ақ түсінікті (мысалы, біздер Стамбул университетінің деканымен болған әңгімеде аудармашысыз-ақ түсінісе алдық, өйткені ол кісі түрік тілінің «классикалық» орфоэпиялық нормасымен сөйледі). Ал қазіргі түркі халықтары жас буынының сөзі мүлде өзгеше сипат алып барады. Енді келешекте жағдай тіптен қиындайды: түркі сингармонизмін өткен ғасырдан бастап жоғалту үстіндеміз. Қ, ғ, ұ, і дыбыстары барлық тілде бірдей естілмейді. Ал түркі тілдерін өзге генетикалық жағынан туыс емес тілдерден айырмасын көрсетіп тұратын да, өз ішін бір-біріне жақындататын да осы ерекшеліктер көмескіленсе, онда туыс тілдердің арасындағы жақындық, О.Сүлейменов айтқандай, жазу тілінде («язык письма») ғана сақталатын болады.

Қазіргі түркі тілдері үш графиканы – латын (түрік, өзбек, әзербайжан), араб (түркі халықтарының Иран, Қытай, Ауғанстан т.б.), кирил жазуын қолданады. Бір графиканы пайдаланатын тілдердің өзінде әліпби алшақтықтары бар. Мысалы, кирил графикасын қазір қолданатын түркі тілдерінің жазба мәтіндеріне қарайық: *6-8 февральдә узган* Республика күләмендәге олимпиадада укучыларыбыз - Шәмсетдинова Фәнүзә, Хисамиева Физәлия призер булдылар. Укытучысы Вакказова Б. (tatar).

Эки диалектге бөлүнеди: басхан-чегем («ч»-диалект) эмда малкъар («ц»-диалект). [Россияда](#) тилде селешгенлени саны 303 минг адамды (2002 джыл халкъ санаугъа кёре). Литература къарачай-малкъар тил, къарачай-басхан-чегем диалектни тамалында къуралгъанды. Джазыу система 1920-24 дждж. араб джазыуну тамалында болгъанды ([аджам](#)), 1924-36 дждж. латин алфавитни тамалында, 1936 джылдан бери — кирилл

алфавит бла тамалланады. Къарачай-малкъар тилде [«Къарачай»](#) бла [«Заман»](#) газетле эмда [«Минги тау»](#), [«Нюр»](#), [«Лячин»](#) журналла чыгъадыла (Кагаçау-Balkar).

Орто Азиянын байыркы элдеринин бири. (Октябрдык революциясына чейин тарыхый адаттардакыргыз деген ат казактарга да тиешелүү болгон). Жалпы саны 1700 миң адам 1975-жылы. Антропологиялык жактан монгол расасынын Түш. Сибирь бөлүгүнө кирет. Борбордук Азиядагы этностук же саясий бирикменин наамы катары байыркы түрк жазма эстеликтеринде болжол (Kyrgyz).

Шинжаң - Уйғур аптоном райониде тәрәккият тапқан, мәмликәтлик тил дәп, йәнә қисмән Қазақстанда, Өзбәкстанда, Қирғизстанда вә Түркмәнстанда ишлитилиду. Кичик уйғур груһлири Россияда, Түркияда, Америкада, Европиде, Австралиядә, Авғанстанда вә Сәүдийә Әрәпстанда яшайду. Сөзләйдиғанлар сани 30 млн. адәм әтрапида, шуниң ичидә МДҺ бойичә 800 миң адәм. МДҺ уйғурлириниң көпи икки яки унуңдин көп тилларни қоллиниду. Қазақстан уйғурлириниң әдәбият тили – бир милләтлик тил (Uyghur).

Халкының милли теле, урыс теле менән бер рәттән Башкортостан Республикаһының дәүләт теле. Тәрки телдәрәнең кыпсак төркөмөнөң кыпсак-булғар төркөмсәһенә карай. Морфологик тибы буйынса агглютинатив телдәр иҗәбенә инә. Башкорт һөйләү теле өс диалекттан тора: көнсығыш, көнъяк һәм көнбайыш. Башкорт алифбаһе урыс алфавитына нигезләнеп төзөлгән (Başkurt dili)

Кёбюсюне Къарачай-Черкесияда, Ставрополь крайда, Астрахань областда эмда Дагъыстанда джашагъан ногъайлыланы тиллериди. Бул тилде Россияда 90 минг. адам селешеди (2002 джылдаётген тергеуге кере). Тил, тюрк тиллени шимал-кюнбатыш (къыпчакъ) къауумуну къыпчакъ-ногъай (ногъай-къыпчакъ) тюбкъауумуна киреди. 3 диалект айырадыла: ногъай (Ставрополь край), къараногъай (Дагъыстанда) эмда. 1928 джылгъа дери араб джазма хайырландырылгъанды, кечирек — латин, 1938 джылдан — орус графиканы тамалында алфавит. Бусагъатдагъы алфавит 1950 джылда бегитилгенды (nogaysy dili).

Sən olasan gülüstan, Sənə hər an can qurban! Sənə min bir məhəbbət SİNƏMDƏ TUTMUŞ MƏKAN! Namusunu hiŷ etməyə, Bayrağını yüksəltməyə, Namusunu hiŷ etməyə (Azəri).

Байқап отырғаньмыздай, къыпшақ тобына киретін тілдердің өзі бір фонеманы әртүрлі әріппен таңбалағаннан бірін-бірі түсінуде қиындыққа тап болып отыр. Ол алдымен әліпби құрамын бекітуде кеткен олқылықтарда, унификацияланған ортақ әліпби жобасынан ауытқып, бір фонеманы әр тілде әртүрлі әріппен белгілеуде тұр.

Ноғай мен құмық әліпбилерінде [ä], [ü], [ö] дыбыстары **аь, оь, уь** әріп тіркестерімен беріледі (ә, ө, ү/у әріптерімен таңбалауға мүмкіндік барда). Қарашай-балқар жазуында орыс алфавитімен келген е, ю әріптері [o], [y], [ø], [y] дыбыстарын береді. Бұл фонемаларға басқа әліпбилердегі ә, ү, ө графемалары сәйкес еді. Қазақ, өзбек әліпбилеріндегі **қ, к, ғ, г** әріптері татар, қырғыз, түркімен әліпбиінде /к/, /г/ деп белгіленсе, балқар, қарашай, құмық тілдерінде: **к, къ, г, гь** таңбаларымен жазылады. К.Мусаев [ŋ] фонемасын таңбалайтын **н, нг, нь нъ** әріптері орнына **ң, у, уь, ю/у** таңбаларының орнына **ү** таңбасына тоқтайтын, сондай-ақ, [γ] дыбысы үшін /ғ/ әрпін, [дж] дыбысы үшін /ж/ әрпін; [q] дыбысы үшін /к/ әрпін; [j] дыбысы үшін /й/ әрпін; [w] дыбысы үшін /ў/ әрпін қабылдауға мүмкіндік бар еді дейді [3,30].

Кирил графикасына негізделген қырғыз жазуында төл дыбыстарының үш таңбасы – **ң, ө, ү**, өзбек жазуында 4 таңбасы болған еді: **қ, ғ, х, нг**. Қырғыз графикасы әріп таңбаларын азайтуда жіңішке дауысты таңбаларын маркер етсе, өзбек графикасы жуан

дауыссыздар таңбаларын маркер етті. Бірақ мақсат біреу – тілдегі жуан-жіңішкелікті айыру еді. Тек әр басқа жолдармен, унификациясыз айыру болды.

Сондықтан болашақта барлық түркі халықтары үшін қайта латын графикасына өту кезеңі тұрса, онда өткенімізден сабақ алып, әліпбилерді үйлестіріп, унификациялау жағын қарастыруымыз қажет. Тек науқан басталмай тұрған кезде.

1922ж. әзербайжан тілі түркі халықтарының ішінде бірінші болып, латын графикасына ауысқаннан кейін енді өзге тілдерге әзербайжан әліпбиіне үйлестіру міндеті қойылғандай да болды [2].

Түркітанушылардың тұңғыш құрылтайынан кейін жиналған 1927 жылғы пленумда әзербайжан алфавиті мен Н.Төрөқұлов жасаған унификацияланған әліпби талқыға түскенде Жирков: «Н.Төрөқұлов әліпбиі өте салмақты, санасуға тура келетін әліпби. Әрине, ол әзербайжан қателігі негізінде жасалған. Әттең, кеш. Егер Н.Төрөқұлов әліпбиі әзербайжан қателігіне дейін айтылса ғой [2, 122]. Н.Төрөқұлов алфавитінде жазып көру керек, көптеген мәтіндер жазу керек. Бұл жоқ сияқты. Әзербайжан әліпбиі әлсіз, онда емле де жоқ. Н.Төрөқұлов алфавиті әлсіз, онда мәтін жоқ. Енді осы екеуін унификация жасау керек» деген екен. Бірақ тарихтан білетініміздей, жақсы идея аяқсыз қалған.

Латын графикасын қабылдаған қазіргі түркі жазуларынан (түрік, әзербайжан, өзбек) оғыз тобына жататын түрік тілі мен әзербайжан тілінің әліпбилерінде әріп сәйкестіктері біршама бар. Ал өзбек алфавиті ағылшын-латын стандартына 2 таңба, 2 әріп тіркесін (әлемдік әліпби тәжірибесінде әріп тіркесі әліпбиде көрсетілмейді) тіркеген өзгеше графикамен сөз тұрқын ұзартып отыр. Кестеден көріп отырғанымыздай, түрік жазуынан әзербайжан жазуы q, x, ə таңбаларының артықтығымен ерекшеленеді. Өзіндік фонемаларды белгілеуде өзара үйлескен. Әрі әліпби реті де бірдей. Өзбек жазуы бұл жағынан басқа бағыт ұстаған. [Ч], [ш] фонемалары үшін әріп тіркесін, [ғ], [ө] фонемалары үшін апостроф пайдаланған. Егер түркі тілдері жазуын унификациялайтын мүмкіндік туса, бұл қатардан тысқары тұратын жазу осы, өзбек жазуы болады (1-кесте).

1-кесте. Түрік, әзербайжан, өзбек әліпбилерінің әріп таңбалары

<i>реті</i>	Түрік әліпбиі	әзербайжанәліпбиі	Өзбек әліпбиі	Фонема
1	A	a	A	a
2	B	b	B	б
3	d	d	D	д
4	e	e	E	e
5	f	f	F	ф
6	g	g	G	г
7	h	h	H	h
8	i	i	I	и
9		j	J	й,ж
10	k	k	K	к
11	l	l	L	л
12	m	m	M	м
13	n	n	N	н
14	o	o	O	о

15	p	p	P	п
16		q	Q	қ
17	r	r	R	р
18	s	s	S	с
19	t	t	T	т
20	u	u	U	у
21	v	v	V	в
22		x	X	х
23	y	y	Y	й
24	z	z	Z	з
25	ç	ç	Ch	ч
26	ğ	ğ	g'	ғ
27	ı	ı		ы
28	ö	ö	o'	ө
29	ş	ş	Sh	ш
30	ü	ü		ү
31		ə		ә

Мемлекеттік мәртебе алған және жергілікті қарым-қатынас тілі болып табылатын түркі тілдері үшін болашақта көтерілуге тиіс мәселе - ол алфавитті латын негізді ету болатыны анық. Жоғарыда көрсетілгендей, бір графикада отырып, жазу алшақтығын болдырмау үшін әуел бастан унификацияланған алфавит негізінде әр ұлт тілінің өз жазуын қабылдауын ойластыруды қолға алу керек.

Түркі тілдерінің орфографиясындағы басты принцип кеңес дәуірі құрамында болған түркі тілдері үшін дұрыс анықталған еді: морфологиялық принцип – түбір тұлғасын сақтап жазу барлық түркі тілдерінің басты емле қағидатына айналған-ды. Сондықтан бір қарағанда түркі тілдерінің арасындағы жақындық жазуда сақталып қалайын деп отырғаны шындық. Ал түркі халықтары үшін ортақ алфавит, ортақ жазу дінмен байланысты араб графикасы емес, саясатпен байланысты кирил графикасы емес, бейтарап сипаттағы латын графикасына жүктелмек.

Түркі мемлекеттері тәуелсіздік ала бастаған жылдары алдымен графиканы ауыстыру мәселесі көтерілгенде түркі халықтарының дүниежүзі бойынша бір жазу түрі негізінде бірігуі баса айтылған еді. Кейін әсіресе өзбек жазуының ортақ Анкара жобасынан айырмашылығы көбейгенде, бұл ой бәсеңсіді. Қазір түркі халықтарына ортақ жазу мәселесі мифке айналды деген де пікір бар. «Түркі халықтары бірі-бірінен ажырағаны соншалық жазғандарын оқып емес, аударып түсінгенді жеңіл көреді. Бір-бірінің жазғандарына қызықпайды, сондықтан аударылған әдебиеттер де аз. Басылмайды, немесе ондай әдебиеттерге сұраныс аз» дейді қазіргі енжар көзқарас. Дегенмен біз сөзіміздің басындағы ойымызға тұрақтап, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт, түрікмен, қараш-балқар, ноғай әліпбилеріне латын графикасын қабылдау мүмкіндігі туған жағдайда пайдалануға болатын мынадай ортақ әліпби жүйесін үйлестіруге болады деп ойлаймыз.

- | | | | | | |
|-------|-----|--------|----|--------|----|
| 1. Aa | Aa | 15. Ққ | Qq | 28. Фф | Ff |
| 2. Әә | Ä ä | 16. Мм | Mm | | |
| 3. Бб | Bb | 17. Нн | Nn | 29. Һ | Hh |
| 4. Вв | Vv | 18. Ңң | ŋ | | |

5. Гг <i>Gg</i>	19. Оо <i>Oo</i>	
6. Ғғ <i>Ğğ</i>	20. Өө <i>Öö</i>	30. ҘҘ <i>Çç</i>
7. Дд <i>Dd</i>	21. Пп <i>Pp</i>	
8. Ее <i>Ee</i>	22. Рр <i>Rr</i>	31. Ыы <i>Iı</i>
9. Ӣӓ <i>Žž</i>	23. Сс <i>Ss</i>	
9. Жж <i>Jj</i>		
10. Җҗ <i>Ĵĵ</i>	24. Тт <i>Tt</i>	
11. Ӣӓ <i>Zz</i>	25. Уу, Үү <i>Uu</i>	
12. Ии, і <i>Ii</i>	26. Шш <i>Šš</i>	
13. Йй <i>Yy</i>	27. Үү <i>Üü</i>	
14. Кк <i>Kk</i>		

Мұнда башқұрт, түркімен тіліндегі тісаралық [з], [с] және тіларты ж фонемалары үшін *Žž*, *Çç* және *ı* таңбалары бар. *Çç* әрпі түрік, әзербайжан тілдеріндегі [ч] фонемасын береді.

Сондай-ақ, түркі тілдеріне ортақ типтік орфографиялық ережелердің болуы да жөн. Мысалы, Кеңес дәуірі кезінде, біздер, одақ құрамындағы түркі халықтары, орыс орфографиясы негізінде емле ережесін ұстандық. Ол, бір жағынан, өзге тілдің заңдылығын зорлықпен таңу болғанмен, түркі тілдерінің өздері үшін ортақ ереже бойынша жазба коммуникацияны жеңілдетіп алғанымыз шындық. Сондықтан, біздің ойымызша, тағы да аталған тілдер арасында ортақ емле ережелерін екшеуге мүмкіндік бар. Оған әр жазудағы ғылыми негізі уәжді ережелерді басшылыққа алуды ұсынар едік. Мысалы, қазақ орфографиясында бүгінде сөздерді бірге, бөлек, дефиспен жазу; бас әріптің қолданылуы, *ә* әрпін екінші буынға жазу емлесі, *ы, і* әріптерінің сөз ортасында жазылуы, *х, һ* әріптерінің қолданылуы қиындық тудырып отыр. Бұлардың арасында сөздердің бірге, бөлек жазылуы біршама шешімін тауып келеді. Сонда әр тілдегі орфография негіздерін салыстыру арқылы емле проблемаларынан арылудың жолдары шығады.

Қазақ орфографиясында сөздердің бірге/бөлек жазылуы қай графикада да шешілуі қиын мәселе болып келді. Араб жазуы кезінде А.Байтұрсынұлы бірыңғай жуан не жіңішке айтылған, бір зат не ұғым атауын бірге жазуды, ал үндесім заңына бағынбайтын сөздерді бір зат атауы болғанына қарамастан дефис арқылы жазуды ұсынған еді. Бұл емлеге біраз жеңілдік әкелген еді. Кейін 1929 жылы латын жазуына көшкенде Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы т.б. сөздерді бірге жазуды қалыптастыра бастады. Орыс жазуына да көшкенде 1941 жылғы алғашқы емле сөздігінде біріккен сөздердің қатары көп болды. Бүгінгі орфографияда бөлек таңбаланып келе жатқан сөздер бірге жазылды. Бірақ 1953 жылы алғашқы қазақ орфографиясының негізгі емле ережелері қабылданған тұстан бастап және 1963 жылы жарық көрген толық орфографиялық сөздіктен бері сөздерді бөлек жазу үрдісі күшейді. БАҚ-та бірге таңбаланып жүрген сөздер сынға алынды. Алайда емле сөздігінің әр басылымында бірге жазылатын сөздер көбейе берді. Олар мынадай әдістермен бірікті. Қазақ тілінде осы кезге дейін формалды белгі арқылы сөздердің бөлек / бірге жазылуын анықтайтын әдіс болмаған еді. Оны алғаш ұсынған проф. Н.Уәли болды. Профессордың айтуы бойынша біз біріктіретін әдісті ұластыруыштар мен құрастыруыштар деген екі топқа жіктедік. Сонда қазақ жазуында мына жұрнақтар ұластыруыштар болып табылады: **лық, -қыш, -ар, -қы, -лар**. Яғни осы жұрнақтармен

келген сөздерді жазарман автоматты түрде бірге жаза алады. Ал **хана** (40), **ара** (21), **аралық** (19), **басы** (10), **құмар** (33), **тану** (23) және **хат** (14), **қап** (17), **белгі**, **гүл** (41), **бау** (19), **шөп** (68), **ақы** (15), **жай** (17), **жегі** (19), **тіккен** (17), **жапырақ** (25), **тамыр** (13) сөздері қазақ емлесінде құрастыруыштар болып табылады. Сөйтіп, бүгінде біздер осы сыңарлармен келген сөздерді тағы да автоматты түрде бірге жаза аламыз. Ендеше қазақ орфографиясы емледе қол жеткізген осы негіздерді өзге түркі тілдеріне ұсына алады. Ал шешімін таба қоймаған басқа қиындықтарды шешуде туыстас түркі тілдерінің емлесіне қол созуға бармыз. Сонда біз туыс халықтар мәдениетіндегі жазба коммуникацияның бірегейленуіне осы ғасырда қол жеткіземіз.

Пайдаланған әдебиет:

- 1 Ә.Қара. Қазақ тіл ғалымдарының әлемдік жетістігі: Қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігі // Қазақ әдебиеті. қаңтар, 2012.
- 2 Стенографический отчет I пленума ВЦКНТА (Баку, 3-7/VI, 27). М, 1927.- 175 б.
- 3 Мусаев К. Достижения и проблемы в усовершенствовании алфавитов и орфографии современных тюркских языков // Опыт совершенствования орфографии тюркских языков М: Наука, 1982. С29.

УДК 1/14

Курмангалиева Г.К.

*д.ф.н., ГНС, Институт философии, политологии и религиоведения Комитета науки
Министерства образования и науки Республики Казахстан,
Алматы, Казахстан
e-mail: galiya2206@gmail.com*

ИЗУЧЕНИЕ ТЮРКСКОЙ ФИЛОСОФИИ В КАЗАХСТАНЕ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация. В статье рассматривается проблема изучения тюркской философии в Казахстане в исторической ретроспективе и перспективе будущих исследовательских программ. Автор показывает причины отсутствия до эпохи независимости понятия «тюркская философия» в казахстанском философском дискурсе, современное состояние ее изученности, проблемы и перспективы будущего исследовательского интереса. В контексте проблемно-содержательной характеристики казахской философии как исторической ветви тюркской философии раскрываются некоторые аспекты тюркского миропонимания и самосознания тюркского духовно-ценностного мира.

Ключевые слова: тюркская философия, казахская философия, философия, кочевая культура, история философии.

Обретение Казахстаном независимости вызвало закономерный интерес к проблемам идентичности, к пониманию и осознанию собственных истоков и духовно-культурной истории прошлого. Новым, до настоящего времени недостаточно изученным направлением в философских исследованиях казахстанских ученых продолжает оставаться «тюркская философия», что объективно связано с длительно отсутствовавшей научной традицией изучения этой предметной области. Она же была обусловлена,